

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 396 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 10 желтоқсанда № 35461 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2024 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 396 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банктер, еншілес ұйымдар, кредиттік серіктестіктер және микроқаржы ұйымдары инвестицияларға және айналым қаражатын толықтыруға (оның ішінде жаңартылатын негізде) беретін, бұл ретте айналым қаражатының мөлшері кредит сомасының 50 (елу) пайызынан (бұдан әрі – %) аспайды;"

3-1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кредит мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, 18 (он сегіз) айдан аспайды;"

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қызмет түрлері бойынша және мынадай шарттарға сәйкес келетін кредиттік шарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) кредиторлар айналым қаражатын толықтыруға беретін;

2) кредит мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, 18 (он сегіз) айдан аспайды;

3) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) %-ға ұлғайта отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде;

4) кредит валютасы – теңге;

5) кредитті өтеу – кредиттік шарттың талаптарына сәйкес төлемдерді жүзеге асыру;

6) кредиттің ең жоғары сомасын кепілгер кепілгердің ішкі құжаттары негізінде айқындайды;

7) кепілдік мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, кредиттік шарттың мерзімінен 4 (төрт) айға асатын мерзім;

8) кепілдік мөлшері – негізгі борыш сомасының 85 (сексен бес) %-на (қоса алғанда) дейін;

9) кепілдік бергені үшін комиссия кепілдік сомасының 10 (он) %-нан аспайды, бұл ретте кепілдік сомасының 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) % мөлшерінде бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады және қарыз алушы кепілдік сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %-ын төлейді.

Кепілгер кредиторлармен портфельдік кепілдік беру туралы келісім жасаса отырып, айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттік шарттар бойынша портфельдік кепілдік беру әдісін қолданады және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келісімде кепілгердің ішкі құжаттары негізінде қарыз алушыға кредит пен кепілдіктің ең жоғары сомасын белгілейді.

Кредитордың ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес кредитор қарыз алушының қаржыландыруға өтінішін дербес қарайды.

Кредитор кепілгер кепілдігімен айналым қаражатын толықтыруға кредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, кредитор кредиттік шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепілгерге кредиттік шарттың көшірмесін, кредитордың уәкілетті органының қаржыландыру туралы шешімін, осы Қағидаларға сәйкес кепілдік жөніндегі комиссияның бір бөлігіне ақы төлеу туралы құжатты ұсынады.

Кепілдік бойынша талап қою тәртібі және кепілдік міндеттемелері бойынша оны кепілгердің орындауын кепілгер осы Қағидаларда белгіленген талаптарды сақтай отырып, портфельдік кепілдік беру туралы келісімге сәйкес жүргізеді.";

5-1 және 5-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1. Егер қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған күннен бастап күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күн ішінде қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған болса, онда кредиторға кепілгерге талап қоюға жол беріледі. Осы Қағидалардың 3-1 және 3-2-тармақтарында көрсетілген кредиттік шарттар бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру шеңберінде кредиттік шарттар бойынша кепілгерге қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін талаптар қояды.

Кредитор кредитордың қолданыстағы ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қарыз алушыларды қарыздар бойынша қайта құрылымдауды ұсынады.

5-2. Кепілгер кредиттік шарттар бойынша кепілдіктерді талап алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, ал осы Қағидалардың 3-1 және 3-2-тармақтарында көрсетілген кредиттік шарттар бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру шеңберінде кредиттік шарттар бойынша – талап алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді.

Бұл ретте, кредиттік шарт бойынша кредиторлар қарыз алушыларды одан әрі қаржыландыру мақсатында еншілес ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылған кредиттік серіктестіктер болған жағдайда, кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді кредиттік серіктестіктер еншілес ұйымдардың алдында өтейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік бойынша төлемді кепілгер еншілес ұйымдардың пайдасына жүргізеді. Мұндай жағдайларда кепілдік бойынша төлемді кепілгер кредиттік серіктестіктердің пайдасына жүргізеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидалардың 3-тармағы шеңберінде кредиттік шарттарға кепілдік беру үшін комиссия кепілдік сомасының 20 (жиырма) %-нан аспайды, бұл ретте кепілдік сомасының 19,99 (он тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) % мөлшерінде бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады және қарыз алушы кепілдік сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %-ын төлейді.";

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кепілгердің кепілдік шарты жасалғаннан кейін немесе портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді және осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде беруі;"

21, 22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/осы Қағидаларға 7-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіптердің бірі бойынша жеке кабинетте жүргізіледі:

1) қарыз алушыдан кредиторға кредит алуға өтінім келіп түскен кезде (кепілгерге кепілдендіру өтінімімен одан әрі жүгіну ниетімен) кредитор кепілдендіру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, кепілгерді хабардар етеді.

Кепілдік беру туралы мәселені қарау үшін кредитор кепілгерге кредитордың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

Кепілгер кредитордан құжаттарды және қарыз алушыдан өтінішті алғаннан кейін 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңгеден аспайтын кредиттер бойынша 5 (бес) жұмыс күні және 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңгеден асатын кредиттер бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және кепілдік беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін жобаны кепілгердің уәкілетті органының қарауына шығарады.

Ұсынылған мәліметтердің және (немесе) құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, кепілгер 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар бойынша нақты кемшіліктерді көрсете отырып, ұсынылған құжаттарды кредиторға/қарыз алушыға пысықтау үшін қайтарады. Бұл ретте өтінімді қараудың жалпы мерзімі құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап тоқтатылады және қайта басталады.

Кәсіпкер және (немесе) ұсынылған материалдар осы Қағидалардың шарттарына және (немесе) Кепілгердің уәкілетті органы бекіткен оның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, кепілгер нақты себептерін көрсете отырып, уәжді бас тартуды жібереді.

Жоба осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеген, сондай-ақ қарыз алушылар кредитордың шешімімен белгіленген қарыз алушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, кепілгердің кепілдік беруден бас тартуына жол беріледі.

Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;

2) кепілгердің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тізбе бойынша құжаттарды қоса бере отырып, қарыз алушыдан кепілдік алуға кепілгерге тікелей өтінім келіп түскен кезде соңғысы кредитордың пайдасына кепіл беру туралы мәселені қарайды.

Кепілгер қарыз алушыдан өтініш пен құжаттарды алғаннан кейін осы Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды. Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;

3) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, оған

қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Кепілдік шарты жасалғаннан кейін кепілгер кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қайтарып алады және кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінімді береді.

22. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді және осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМАЖ-ды тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім айналым қаражаты толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/ көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

23. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидия алуға

арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да кепілгердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін кепілдендіру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде/көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, онда кепілгер кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

24. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидиялауға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін кепілдендіру бойынша субсидияны төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарламаны (бұдан әрі – субсидияны аудару туралы хабарлама) не Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама) дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да тіркеу кезінде

кепілгер көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 3 және 3-1-қосымшалар осы Тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес 3-2-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6, 7 және 7-1-қосымшалар осы Тізбеге 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес 7-2-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 15 мамырдағы № 162 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34369 болып тіркелген):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының елу үшінші және елу төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

3. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 216 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34561 болып тіркелген):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі."

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру

Кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы

Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын

кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес

Кепілгер

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/атауы) және _____

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты сізден _____

(кепілдеме сомасынан 19,99 (он тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %)

мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз:

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Аты-жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

(бұдан әрі – БСН)

басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код (ЭҚТЖК): _____

2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор мен қарыз алушы арасында жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КШ (нөмірі және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Ө н і м (қаржыландыру) түрі (кредит немесе кредит желісі)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарты (бұдан әрі – КепШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КепШ (нөмірі және күні)	Қ а р ы з алушының атауы	Қ а р ы з алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі, жыл
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат _____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау

қағидаларына

3-1-қосымша

Нысан

**Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша
субсидия алуға арналған өтінім**

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы
органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік
беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы
Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен
(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып
тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын

кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес
Кепілгер

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының
аты-жөні)/атауы) және _____

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _____
(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз;
Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты- жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(бұдан әрі – БСН) _____

Басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код
(ЭҚТЖК): _____

2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор мен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ)

туралы мәліметтер:

Р/с №	КШ (нөмірі мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Ө н і м (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/ жыл)	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

--	--	--	--	--	--

Р/с №	КепШ (нөмірі мен күні)	Қ а р ы з алушының атауы	Қ а р ы з алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы , теңге	Кепілдік мерзімі (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігінің өзгерістер мен
 толықтырулар енгізілетін
 кейбір бұйрықтарының тізбесіне
 3-қосымша
 Агроөнеркәсіптік кешен
 субъектілерінің қарыздарын
 кепілдендіру мен сақтандыру
 шеңберінде субсидиялау
 қағидаларына
 3-2-қосымша
 Нысан

Айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(Кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы

Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын

кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес
Кепілгер

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/атауы) және _____

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

камтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _____

(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз;

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты- жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

(бұдан әрі – БСН) _____

Басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код

(ЭҚТЖК): _____

2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор мен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ)

туралы мәліметтер:

--	--	--	--	--

Р/с №	КШ (нөмірі мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Ө н і м (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/жыл)	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

Р/с №	КепШ (нөмірі мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

--	--	--

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)/ агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Порталға жүгінген сәттен бастап: кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімдер бойынша – 2 (екі) жұмыс күні; сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімдер бойынша – 2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынадан бас тарту туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты

		<p>аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>Кепілдік беру бойынша субсидия алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінім / Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім / Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім кепілгердің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.</p> <p>Сақтандыру бойынша субсидия алу үшін сақтандыру ұйымының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінім беріледі.</p>
		<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін кепілгер/сақтандыру ұйымы ұсынған құжаттардың және (немесе)</p>

9	Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	<p>олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) кепілгердің/сақтандыру ұйымының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберінде субсидиялау шартына қол қою кезінде дербес деректерді жинауға , өндеуге, сондай-ақ оларды бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының субъектілік мониторингінің ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жоба шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға сұраным бойынша беруге келісім береді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті" және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары порталда көрсетілген.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77.</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
2) мемлекеттік органдардың www.gov.kz интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырылған.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім

(кімге) _____

(облыстық жергілікті атқарушы орган / агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы

уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(Кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы

Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – аты-жөні)/атауы)

_____ (кредитордың (бұдан әрі – кредитор) атауы)

кредитке өтінім берді, ол өтінім мақұлданған жағдайда кепілдендіруге өтінім беру жоспарланады.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _____

(кепілдеме сомасынан 19,99 (он тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %))

мөлшерінде субсидия (сомасын ағымдағы жылға арналған бюджетте көздеуді сұраймыз;

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты-жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Кредитор шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор мен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ)

туралы мәліметтер:

Р/с №	КШ (нөмірі мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Ө н і м (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

--	--	--	--	--	--

Р/с №	КепШ (нөмірі мен күні)	Қ а р ы з алушының атауы	Қ а р ы з алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы , теңге	Кепілдік мерзімі , жыл
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігінің өзгерістер мен
 толықтырулар енгізілетін кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 6-қосымша
 Агроөнеркәсіптік кешен
 субъектілерінің қарыздарын
 кепілдендіру мен сақтандыру
 шеңберінде субсидиялау
 қағидаларына
 7-1-қосымша
 Нысан

Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы

Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып

тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – аты-жөні)/атауы)

_____ (кредитордың (бұдан әрі – кредитор) атауы)

кредитке өтінім берді, ол өтінім мақұлданған жағдайда кепілдендіруге өтінім беру жоспарланады.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын (кредитордың атауы)

камтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты сізден _____

(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз:

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік құны аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты-жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі –

БСН) _____

басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Кредитордың шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор пен қарыз алушы арасында жасалған кредит шарты (бұдан әрі – КШ)

туралы мәліметтер:

				Ө н і м (қаржыландыру) түрі
--	--	--	--	------------------------------

Р/с №	КШ (нөмірі және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	(кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/жыл)	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарты (бұдан әрі – КепШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КепШ (нөмірі және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы , теңге	Кепілдік мерзімі , (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігінің өзгерістер мен
 толықтырулар енгізілетін кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 7-қосымша
 Агроөнеркәсіптік кешен
 субъектілерінің қарыздарын
 кепілдендіру мен сақтандыру
 шеңберінде субсидиялау
 қағидаларына
 7-2-қосымша
 Нысан

Айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) _____

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы

Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – аты-жөні)/атауы)

_____ (кредитордың (бұдан әрі – кредитор) атауы)

кредитке өтінім берді, ол өтінім мақұлданған жағдайда кепілдендіруге өтінім беру жоспарланады.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_____ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты сізден _____

(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз:

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік құны

аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты-жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан

әрі –

БСН) _____

басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Кредитордың шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Кредитор деректемелері: _____

Кредитор атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Кредитор пен қарыз алушы арасында жасалған кредит шарты (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

P/c №	КШ (нөмірі және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Ө н і м (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/жыл)	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарты (бұдан әрі – КепШ) туралы мәліметтер:

P/c №	КепШ (нөмірі және күні)	Қ а р ы з алушының атауы	Қ а р ы з алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты